

Қарағанды облысы
білім басқармасының
басшысы
Г. Кожахметоваға

20 1-9/2134 20

Мейсімі
Кожахметова

ҚЫЗМЕТТІК ХАТ

Отбасымен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, адамзаттың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру мақсатындағы облыстық «Бір отбасы – бір кітап» Акциясының іріктеу кезеңін өткізу жоспарлануда.

Акцияның I жартыжылдығы қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналады.

Облыстық іріктеу кезең 2020 жылғы 26 желтоқсанында online режимінде ZOOM платформасында өткізіледі, тікелей эфирде YouTube сайтында көрсетіледі.

Акцияның I жартыжылдығының облыстық іріктеу кезеңіне оқыту қазақ, орыс тіліндегі жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың 2-10 сынып оқушылары отбасыларымен қатысады.

Қаңтар айында өтетін финалға әр категория бойынша 8 отбасы қатысады.

Ақпарат үшін беріледі.

Директордың м.а.



Б. Абдикерова